

**«АСМЕТ УЛАС» педагогикалық және қызмет көрсету
инновациялық колледжі**

«Бекітемін»
Колледж директоры
 Ү.К.Қалдырбаева
«21» сентябрь 2023 ж.



**Колледж психологының жылдық жоспары
2023-2024 оқу жылы**

Құрастырған: Жумабекова М.М.

Ақтау 2023

Педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

Колледждегі психологиялық қызметтің мақсаты: колледж студенттерінің жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына, қабілеттері мен бейімділіктерінің дамуына көмектесу; олардың психологиялық ерекшеліктерін терең зерттеу; білім алушылардың психикалық дамуындағы ауытқушылықты, кешеуілдеуді болдырмаудың жолдарын іздестіру; ата-аналар үшін психологиялық сауаттандыру, білім беру сабақтарын ұйымдастыру.

Колледждегі психологиялық қызметтің міндеттері:

- студенттердің тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- студенттерге ақпараттық қоғамның жылдам дамуы жағдайында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- студенттердің тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- психологиялық диагностиканы жүргізу және студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтар мен студенттердің проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Колледждегі психологиялық қызметтің негізгі бағыттары және мазмұны: Психологиялық қызмет диагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және ұйымдастыру-әдістемелік бағытта жүзеге асырылады.

Диагностикалық бағыттар:

- Студенттердің психикалық дамуын анықтау мақсатында оларды психологиялық зерттеу;
- Студенттердің бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;
- Студенттердің қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;

- Психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

Консультациялық бағыттар:

- Студенттерге, ата-аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша кеңес беру;
- Студенттерге, ата-аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен кеңес жүргізу;
- Күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын студенттерге психологиялық қолдау көрсету;
- Тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру.

Ағартушылық-профилактикалық бағыттар:

- Студенттер мен педагогтердің өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;
- Студенттер бейімсіздігінің алдын алу;
- Студенттердің бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу;
- Педагогтерді аттестаттауды әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу;
- Әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

Түзету-дамытушылық бағыттар:

- Жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізу;
- Студенттер мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру;
- Жанжалдық тұлғааралық қатынастарды түзетуді жоспарлау.

Ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар:

- Педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша аралас мамандармен жұмыс жүргізу.

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Жауапты	Есептілік нысаны
I. Диагностикалау						
1.1	Жанадан келген студенттер арасында жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған және мүмкіндігі шектеулі балаларды анықтап, мәліметтерін толықтыру.	Топ жетекшілерімен жұмыс	1 курс	Қыркүйек	Педагог-психолог, кураторлар	Хаттама
1.2	Студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін және темпераментін анықтау.	Айзенк тесті	1 курс	Қыркүйек	Педагог-психолог	Анықтама
1.3	«Жасөспірімдегі суицидалды мінез-құлықты ескертуге бағытталған шараларды ұйымдастыру»	Ұжымдық сауалнама	1,2,3,4 курс	Жыл бойы	ТДЖ директордың орынбасары, педагог-психолог топ жетекшілері	Хаттама
1.4	Студенттердің оқуға деген мотивацияларын анықтау.	Студенттердің оқуға деген мотивацияларын анықтау анкетасы	1 курс	Қаңтар	Педагог-психолог	Анықтама
1.5	Студенттердің топшілік қарым-қатынасын зерттеу. Топтағы студенттердің статусын анықтау.	«Социометрия» әдістемесі	1,2 курс	Ақпан	Педагог-психолог, топ кураторлары	Анықтама
1.6	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты тақырыпта студенттермен жұмыс	Сабақ-тренинг	1,2,3,4 курс	Жыл бойы	Педагог-психолог	Хаттама
II. Түзету-дамыту жұмысы						
2.1	- «Кибербуллинг. Не істеу керек?»;	Вебинар, тренингтер өткізу;	1, 2 курс	Қазан	Педагог-психолог	Хаттама

	- «Тәуелсіз интернет, ойындар....»					
2.2	Есепке алынған студенттерге психологиялық түзету-дамытушылық жұмыс жүргізу	Тренинг	1, 2, 3 курс «тәуекел тобы»	Жыл бойы	Педагог-психолог	Папка дайындау
2.3	Студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін және мінез-құлықтарын анықтауға арналған сауалнама қорытындысымен топ жетекшілерге ұсыныс жасау.	Топ жетекшілерімен жұмыс	1 курс	Наурыз	Педагог-психолог, топ кураторлары	Хаттама
2.4	Студенттердің лидерлік қабілеттерін дамыту мақсатымен тренинг өткізу	Тренинг	Топ старосталары	Ақпан	Педагог-психолог, топ кураторлары	Хаттама
2.5	Студенттердің өзіндік бағалауы төмен білім алушылар мен жеке және топтық жаттығуларды өткізу	Тренинг	1,2 курс	Сәуір	Педагог-психолог	Хаттама
III. Профилактика және психологиялық ағарту						
3.1	Студенттерді оқу үрдісін ұйымдастырумен, жарлықтармен, колледждің ішкі тәртіп ережелерімен (құқықтар, міндеттер) қалыптасқан дәстүрлермен және т.б. таныстыру	Топ жетекшілерімен жұмыс	1 курс	Қыркүйек	Педагог-психолог, кураторлар	Папка дайындау
3.2	Оқу топтардың тәрбие сағаттарына қатысу	Сабақтарға қатысу	1,2,3,4 курс	Қараша	Топ кураторлары,	Хаттама

3.3	Сабақ барысында студенттер мен оқытушының педагогикалық қарым-қатынасын анықтау мақсатында тәжірибелік және теориялық сабақтарға қатысу, талдау.	Сабақтарға қатысу	1, 2 курс	Наурыз	педагог-психолог Әдіскер, педагог-психолог, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	Анықтама
3.4	«Өз-өзіңе қалай сенімді болу керек?».	Сабақ-тренинг	1 курс	Ақпан	Топ жетекшілері, педагог-психолог	Хаттама
3.5	Маман-дәрігерлермен бірігіп, ерте жастағы жыныстық қатынас пен жүктіліктің зияндылығы туралы түсіндіру	Дөңгелек үстел	1,2 курс	Ақпан	ТІЖ директордың орынбасары, педагог-психолог топ жетекшілері	Хаттама
3.6	Ата-аналар мен мектеп түлектеріне ашық есік күндерінде өздігінен мамандық таңдауға бағыт беру	Бағыт беру	Мектеп түлектері	Сәуір	Әкімшілік, педагог-психолог	Хаттама
3.7	«Педагогтардың психологиялық мәселелері»	Семинар	Педагогикалық ұжымның мүшелері	Сәуір	Педагог-психолог	Іс-шара
IV. Консультация беру						
4.1	Жас мамандардың психологиялық білімін жетілдіру үшін кеңес беру	Кеңес беру	Оқытушылар	Жыл бойы	Педагог-психолог	Хаттама
4.2	Студенттермен жұмыс істеу барысында оқытушыларға жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру	Оқытушылар	Қазан-желтоқсан	Педагог-психолог	Хаттама
4.3	Бірінші курстарды		1 курс	Қазан-	Педагог-	Хаттама

	бейімдеу барысында ата-аналарға жекелей кеңес беру	Кеңес беру	атааналары	желтоқсан	психолог	
4.4	Жүргізілген психодиагностика қорытындысы бойынша студенттерге жеке кеңес беру	Кеңес беру	1, 2, 3, 4 курс	Жыл бойы	Педагог-психолог	Папка дайындау
4.5	Жатақханадағы студенттерге жағымды жағдай тұрғызу мақсатында жұмыстар жүргізу	Тренинг	Жатақханада тұратын білім алушылар	Жыл бойы	Педагог-психолог, жатақханадағы тәрбиешілер	Папка дайындау
4.6	Педагогикалық кеңес, әкімшілік кеңес, әдістемелік кеңестерге қатысу, баяндамалар жасау	Баяндама жасау	Педагогикалық ұжым мүшелері	Жыл бойы	Колледж әкімшілігі	Хаттама
V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс						
5.1	Студенттер туралы жаңа мәлімет жинау. Жаңадан түскен студенттерге әлеуметтік-педагогикалық карта құру, ерекшеліктеріне қарай психологиялық картаны толтыруды жалғастыру.	Әдістемелік нұсқау жасау	1 курс	Жыл бойы	Педагог-психолог	Папка дайындау
5.2	Денсаулығында ақауы бар балалар туралы мәлімет жинақтау	Топ жетекшілерімен жұмыс	1,2,3,4 курс	Қыркүйек	Педагог-психолог, мед.бике	Папка дайындау
5.3	Колледж әкімшілігі өткізетін барлық педагогикалық кеңестер мен мәжілістерге қатысу	Колледж әкімшілігімен жұмыс	Педагогикалық ұжым мүшелері	Жыл бойы	Педагог-психолог	Хаттама

5.4	Топ жетекшілеріне тәрбие сағаттарын және ата-ана жиналысын өткізуде әдістемелік көмек беру.	Топ жетекшілерімен жұмыс	Колледж оқытушылары	Жыл бойы	Педагог-психолог	Хаттама
5.5	Ғылыми-практикалық семинарларға, конференцияларға қатысу	Баяндама жасау	Колледж оқытушылары	Жыл бойы	Педагог-психолог, әдіскер	Хаттама
5.6	Өзінің кәсіби біліктілігі мен білімін үнемі көтеру	Өзіндік жұмыс	Педагог-психолог	Жыл бойы	Педагог-психолог	Хаттама
5.7	Жасалған жұмыстарға есеп беру	Есеп беру	Педагогикалық ұжым мүшелері	Жыл бойы	Педагог-психолог	Хаттама
VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер						
1	Апта бойынша			Аптаның соңғы күні		
2	Ай бойынша			Айдың соңында		
3	Жарты жылдық бойынша			Жарты жылдық есеп		
4	Жыл бойынша			Жылдық есеп		

Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары



Феизова.М.П.

Педагог-психолог



Жумабекова.М.М